

Кереметті көзімізбен көріп қайттық

Бегім Серіков,

«Сырдария» университетінің проректоры, экономика ғылымдарының докторы, Шымкент облысы, Мақтаарал ауданы.

Биылғы қыркүйек айында Маңғыстаудағы Пір Бекет Атаның 260 жылдық тойына қатысып, рухымыз биіктеп, мерейіміз тасып қайттық. «Шардара тынысы» газетінің Бас редакторы Жұмабек Мұқанов басқарған Оңтүстік Қазақстан облысы делегациясы құрамында болған азаматтардың барлығы да осындай сезімде болғандығына күмәнім жоқ.

Маңғыстау жері ашық аспан астындағы мұражай екендігі бәрімізге белгілі. Бұл өңірдегі 360 әулиенің шарапатына бөленуге Алла нәсіп еткеніне шүкіршілік айтамын. «Жүз рет есіткеннен, бір рет көрген артық», «дидар–ғанибет» деген осы.

Осы киелі өңірден шыққан ғұлама, классик жазушы, Қазақстанның Еңбек Ері құрметті Әбекеңнің, Әбіш Кекілбаевтың «Көзің барда Маңғыстауды көріп қал» деген ұлттық патриоттық сезіммен айтылған тамаша шақыруы бар. Біз шынында да Маңғыстаудың кереметтері мен азаматтарының қадір-қасиеттерін көріп, көзімізбен жан жүрегімізбен ұғып қайттық.

Бекет ата Мырзағұлұлының ата-бабалары Жиделі–Байсын, Сыр бойындағы аймақтарда өсіп-өрбіген деген мәліметтер бар.

Ал, Бекет атаның өзі ислам дінінің сопылық ілімін дамытушы түркі әлемінің белгілі рухани қайраткері Қожа Ахмет Ясауидің ізгілік жолын жалғастырушы екендігі белгілі.

Жиделі-Байсын, Мырзашөл жері дегенде 1992 жылы қыркүйекте Гагарин қаласында белгілі азаматтар, марқұм Стеджан Бахитов, Бекбол Мәдреев, Әбекең Жұмағазиев, қазір арамызда жүрген Лепесқажы Исаев, Ислам Мырзабекұлы және Мырзашөлде оқып, өсіп, өнген шардаралық Жұмабек Мұқанов, тағы басқа ел азаматтары басшылығында Бекет ата әруағына бағышталып ондаған киіз үйлер тігіліп, Пір Ата рухына арнайы ас берілгенін айта кеткіміз келеді. Бұл Баба әруағына тағзым жасалған алғашқы ас-жиынның бірі еді. Ал, мұның алдында маусым айында өткен Оғыландыдағы алғашқы жиынға Иіржар стансасына арнайы пойыз тоқтатылып, 300 адамға арнайы қосымша вагондар қосылып, асқа қатынасуына мүмкіндік жасалды. Оларды ел ақсақалдары Б.Тоқсанбаев, Ә.Сардаров бастап барды. Ол үшін Орта Азия Теміржол басқармасының басшылығымен келіссөздер жүргіздік. Мен ол кезде Өзбекстан

Республикасы Олий Кеңесінің депутаты, Мырзашөл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы едім. Осы ізгілікті істердің басы, қасында болғанымды әрқашан жылы сезіммен еске алып жүремін, мақтаныш тұтамын.

Осы орайда «жақсының жақсылығын айт мерейі тасысын» дегендей, Бекет атаның Мырзашөл аймағындағы ұрпақтары адал еңбегімен, мәрт мінездерімен ел мақтанышына айналғандығын айта кеткім келеді. Мен Ата ұрпақтарымен 35-40 жыл төңірегінде қызметтес, сыйлас болып келемін. Ата ұрпақтары Сыр бойының шөлейтті, ойпатты жерлерін суландыруға, халық игілігіне пайдалануға өшпес даңққа, атаққа ие боларлықтай қажырлы еңбек сіңіріп, өз заманының абыройлы азаматтары болды, Социалистік Еңбек Ерлері, талантты басшылар Тәңірберген Жайлыбаев, Оразғали Алдыбаев, аудандар мен шаруашылықтар басқарған Дербіс Әлжанов, Бердібай Батманов, Өтеғұл Түгелбаевтар Мырзашөл және Қызылқұм алқаптарын игеруге белсенді атсалысты. Қазіргі нарықтық экономикалық қатынастардың құбылмалы жағдайына бейімделіп жұмыс жасап бара жатқан «Кетебай» ӨК облысымызда, республикада ірілендірілген озат шаруашылықтар қатарына жатады. Бұл шаруашылықта Елбасы Н.Ә.Назарбаев бірнеше рет болып, ауыл азаматтарына ризашылығын білдіріп, алғысын айтып жүр.

Кооператив басшысы, Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты Сәду Бекенов, Жетісай өңіріне 1959 жылы Түрікменстаннан ел көшіріп келген Кетебай ақсақалдың ұлы әкесі ұйымдастырған шаруашылықтың іргесін шайқалтпай, дамытып келеді.

Бекет атаның алтыншы ұрпағы Көбен Аралбайұлы атаның қара шаңырағының маңдайшасын көзінің қарашығындай үй төрінде сақтап келеді. Көбен ақсақалдың бастамашылығымен Атаның 260 жылдығын атап өту біздің елде, Жетісай қаласында, мамыр айында басталып еді. Асқа Маңғыстау, Алматы, Тараз, Ақтөбе, Өзбекстан, басқа да аймақтардың өкілдері қатынасып, Ата әруағы риза болатындай мазмұны бай жиын болғанын айта кетуіміз керек.

Бекет ата мұрасын зерттеу, оның сопылық пәлсапасының ізгіліктерін толықтыру, қағидаларын қалың бұқараға таныстыру бойынша мырзашөлдік зиялы қауым өз үлестерін қосып келеді. Олардың ішінде өзімізбен бірге Гагарин қаласында өмір сүріп, сәлемдесіп, батасын алған, ғасырға жуық ғұмыр кешкен Ыбырайым ахун Құлбайұлының орны ерекше. Бекет ата туралы толғауында, мынадай жолдар бар.

Парыз, сүннет, хадистен
Адам білмес заттарды,
Ақылы жетіп пәм еткен.

Әруақты ер елді
Сыйынғанда көмекке
Қасиетін көрсеткен.
Алты алаштың ішінде
Кереметті адам болған жоқ,
Жаналы түгел айтатын.
Адайдағы Бекеттен.
Бекет деген атағы
Жеті жұртқа шашылған
«Бекет» деп ұран шақырса
Дұшпанның көңілі басылған.

(«Бекет ата» кітабы, 217 бет)

Сондай-ақ, Мырзашөлде тұрып, еңбек еткен Ислам қажы Мырзабекұлы жинақтап құрастырған «Бекет Ата» имандылық тағылым кітабының теңдесі жоқ дүние екендігіне халық өз бағасын беріп жүр. Ислам қажының 700-ден артық беттен құралған кітабындағы энциклопедиялық деректері өшпес мұра, таусылмас рухани байлық.

Бабалар рухын аялап, үзбей қалам тартып, аянбай ізденіп, еңбек етіп жүрген азамат, белгілі жорналшы, «Әйтеке би» қоғамдық қорының президенті, «Шардара тынысы» газетінің Бас редакторы Мұқанов Жұмабек Сейілханұлы. Бұл азамат Жетісайда өткен асқа арнайы «Бекет ата» кітабын әзірледі. Ұйымдастыру алқасын басқарды. «Түркі әлемі» киностудиясы шығарған «Бекет Ата» жолымен деректі фильмінің кеңесшісі болды. Халық арасында Бекет ата өсиеттерін, пәрменді насихаттап, уағыздап келеді. Ол Әйтеке бидің рухын тірілтіп, туған, өлген жылдарын, жатқан жерін анықтауда ақпараттық- насихаттық, ғылыми-шығармашылық кемел жұмыстармен шұғылданды. Шардара қаласында Әйтеке бидің ескерткішін тұрғызды. Гагарин қаласында шығармашылық еңбектерін бастаған, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, белгілі ақын Есенғали Раушанов, Жолдас Сарманов, Ақшагүл Рамазанова, белгілі сазгер, күйшілер әкелі-балалы Бекбол, Рахат Мәдреевтер, Бекбол Базарбаев, тағы басқалар шынайы шығармашылық туындыларымен елге белгілі болған дарынды азаматтар.

Менің ерекше зейін аударайын деген пікірім, Бекет атаның жер асты мешіттерін таудан, тастан қашап салуы, оның сәулетшілік пішімінің қазақтың қасиетті киіз үйіне ұқсастығы, дөңгелек болуы, бөлмелерінің оңтайлы орналасуы. Сонау жетінші ғасырда ислам дінін алғашқы уағыздаушы және мұсылмандық жолындағы қайтпас күрескерлер, сахабалардың «үңгір өміріне» ұқсастығы айрықша назар аудартады. Осындай қайталанбас мешіттер Оғыландыда, Бейнеуде, Бозашы, Мұғалжар, Тобықты

және Баялы жерлерінде орналасуы, олардың ежелгі құрылыс жәдігерлері ретінде сақталуы таңқаларлық құбылыс. Бұл мәселелерді кешенді, өзара байланысты зерттеу, теориялық-практикалық маңыздылығы бойынша тұжырымдар жасау, ғылыми айналымға ендіруді тарихшыларымыздың орынды жүзеге асыра бастағаны қуанышты жағдай.

...Мен осы жасыма дейін көп елді, көп жерді көрдім. Тарихи тұлғалармен кездестім. Димаш Ахметұлы Қонаев төріме шықты. Шараф Рашидовтың қабылдауында болдым. Н.Ә.Назарбаев, И.Каримов сияқты ел президенттерімен дидарласып, сұхбаттастым. Маңғыстау сапарында тағы бір рет Әбіш Кекілбайұлымен кездесудің сәті түсті. Маңғыстаудың басшысы Қырымбек Көшербаевтың халыққа, тарихқа, руханиятқа жақын, жаны жайсаң, абзал басшы екендігіне көз жеткіздім. Белгілі қоғам қайраткері, ғалым Өмірзақ Озғанбаевпен Жетісайдағы аста жақын сұхбаттасып едік, бұл жолы да сыйласып, сырласып қайттық. Бір сөзбен айтқанда, Маңғыстауда өткен күндер менің өмірімдегі тамаша сәттер болып, жадымда жаңғырығып тұра беретін болады. Бұл ұлтымыздың бірлігі мен ынтымағына қалтқысыз қызмет жасаған баға жеткісіз жиын болды.

Сөзімнің соңын:

«Мәдинада-Мұхаммед,
Түркістанда-Қожа Ахмет,
Маңғыстауда Пір Бекет!»—

деген қасиетті бата сөздерімен аяқтап, барлықтарыңызға Пір Атаның жақсылық шарапаттары тие берсін деген ізгі тілек, жақсы ниет білдіремін. Берген садақаларыңыз қабыл болсын, мұраттарыңыз асыл болсын!

Автор статьи описывает нравственно-воспитательное значение и познавательную ценность мероприятий, посвященных 260 летию Бекет ата, на территории Мангистауской области. А так же в статье представлена информация о потомках и исследователях, изучающих и пропагандирующих наследие великого предка.

The author depicts moral educational importance and enlightening value of the activity, which was devoted to the 260th anniversary of Beket ata in Mangistau region. Also the article informs about Beket Ata's generation and researchers, who investigate the great ancestor's heritage.